

Қазақстан Республикасында сатып алу үшін орнын толтыру төлеміне жататын Заем туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша келіссөздер жүргізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 31 наурыз N 276. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.09.10. N 1359 қаулысымен. ~P991359

Ақша қаражаттарының республикалық бюджет кірісіне тұсуін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен бірлесіп "Теңізмұнайгаз" және "Қазақойл" акционерлік қоғамдарының қатысуымен Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің атынан мемлекетке кредит берушілердің талап ету құқықтарының көшуін қамтамасыз ететін 1993 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасында сатып алу үшін орнын толтыру төлеміне жататын Заем туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы "Теңізшевройл" жауапкершілігі шектеулі әріптестігімен және "Трансошен Шеврон Компани" компаниясымен республикалық бюджетке көрсетілген заем бойынша қаражаттардың (оның ішінде проценттердің) тұсуін қамтамасыз ету мақсатында келіссөздер

жүргізсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті осы қаулының 1-тармағына сәйкес тараптар тиісті толықтырулар мен өзгерістерге қол қойылғаннан кейін көрсетілген заем бойынша қаражаттардың бюджетке толық және уақтылы тұсуіне бақылау жасауды қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК